

Өзірбайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиевтің Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 26 ақпандағы N 50-ө өкімі

Қазақстан Республикасы мен Өзірбайжан Республикасы арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және 2004 жылғы 1-2 наурызда Астана қаласында Өзірбайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиевтің Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2004 жылғы 1-2 наурызда Астана қаласында Өзірбайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиевтің Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша): қосымшаға сәйкес Өзірбайжан Республикасы ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөнінде қажетті ш а р а л а р қ а б ы л д а с ы н ;

2004 жылға арналған республикалық бюджетте "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды тұлғаларының қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Өзірбайжан Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі б е л г і л е н г е н т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Өзірбайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиевтің арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының әуежайына қонуын ж ә н е о л а р д а н ұ ш ы п ш ы ғ у ы н ;

Астана қаласының әуежайында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

6. Астана қаласының әкімі Әзірбайжан Республикасының делегациясын күтіп алу және шығарып салу, Астана қаласының әуежайы мен көшелерін безендіру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы (келісім бойынша) Астана қаласының әуежайында Әзірбайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиевті күтіп алу мен шығарып салу рәсіміне қатыссын, Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың атынан қабылдау кезінде концерттік бағдарлама ұйымдастырсын.

8. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

2 6

а қ п а н д а ғ ы

№

5 0

ө к і м і н е

қосымша

**Әзірбайжан Республикасы ресми делегациясының мүшелерін
орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету
жөніндегі ұйымдастыру шаралары**

1. 1+11 форматы бойынша Әзірбайжан Республикасы ресми делегациясының мүшелерін және бірге жүретін адамдарды Астана қаласында орналастыру ("Окан Интерконтиненталь-Астана" қонақ үйі), тамақтандыру және оларға көліктік қызмет к ө р с е т у .

2. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін "Окан Интерконтиненталь-Астана" қонақ үйіне орналастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейдждер, автокөліктерге арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

4. Әзірбайжан Республикасы делегациясының басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және к ә д е с ы й л а р с а т ы п а л у .

5. Әзірбайжан Республикасының ресми делегациясын Астана қаласының әуежайында күтіп алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың атынан Әзірбайжан Республикасының Президенті И.Г.Әлиевтің құрметіне Астана қаласында ресми қабылдау ұйымдастыру.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК